ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 қазан №2301-23-00-2/2207 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Асылым» Акылбек Жоламанович Тулеуов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Набиева
жауапкер А.Тулеуов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 12 маусымда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №66 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға асханалық су жеткізу қызметін шартқа қол қойғаннан кейін 16 күн ішінде орындауға міндеттенген. Техникалық ерекшелікке сай, газсыз, минералды, ас суы, жеткізуімен 19 литр табиғи бөтелкедегі ауыз су жеткізу тапсырыс берушінің өтініші бойынша қатаң түрде жүзеге асырылатыны көзделген.

2023 жылғы 14 тамызда жауапкер міиндеттемені орындай алмайтындығынан шартты бұзуды сұраған.

Талап қоюшы сотта жеке кәсіпкер «Асылым» Акылбек Жоламанович Тулеуовке талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі А.Набиева талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін көрсетті.

Сот отырысында жауапкер А.Тулеуов талапты мойындап, басқа істер бойынша жосықсыз қатысушы деп танылуына байланысты, міндеттемені орындай алмайтынын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 31 тамызда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Асылым» Акылбек Жоламанович Тулеуовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 12.10.2023

2301-23-3-1/2513

Жеке кәсіпкер «Асылым» Акылбек Жоламанович Тулеуов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Асылым» Акылбек Жоламанович Тулеуовтен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2023 жылғы 12 қазанға шығарылды.
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2023 жылғы « 14 » қараша енді.
Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 12.10.2023